ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020*
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәттәшұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліккызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

## ҚАЗАҚ КҮРЕСІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

**Мұхитов Қ.**

т.ғ.к., Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің доценті.
Қазақстан, Атырау қ.
E-mail: ocean_5@mail.ru

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Егемендік алған кезден бастап қайтадан даму алған ұлттық құндылықтың бірі-қазақ күресі еді. Бұл спорт түрімен әлемнің 60-қа жуық елдерінде айналысады. 2004 жылы Дүниежүзілік қазақша күрес федерациясы құрылды. Бүгінгі таңда 48 елде қазақша күрес федерациясы ресми тіркеліп, жұмыс жасауда. Осы уақыт ішінде 10 рет әлем чемпионаты мен 11 рет Азия чемпионаты және 3 рет Еуропа чемпионаты өткізілді. Сонымен қатар «Қазақстан барысы» мен «Еуразия барысы» сияқты жобалар жұмыс жасап жатыр. Бірақ бұл күресті өзіміздің ұлттық күрес етіп көрсету үшін алдымен оның тарихын қалпына келтіріп алуымыз керек. Тек сонда ғана бұл күрестің қазақтың төл спорты екендігі дәлелденеді.
**Түйін сөздер:** Қазақ күресі, әлем чемпионаты, Азия чемпионаты, «Қазақстан барысы» т.б.

## КАЗАХСКАЯ БОРЬБА: ПРОШЛОЕ, СЕГОДНЯ И БУДУЩЕЕ

**Мухитов К.**

к.и.н., доцент Атырауского университета нефти и газа им. Сафи Утебаева
г. Атырау, Республика Казахстана.
E-mail: ocean_5@mail.ru

**Аннотация.** *Введение.* С момента обретения суверенитета, одной из национальных ценностей, которая была приобретена, стала казах куреси. Этим видом спорта занимаются около 60 стран мира. В 2004 году была создана Всемирная федерация казах куреси. На сегодняшний день в 48 странах официально зарегистрирована Федерация казах куреси. За это время были проведены 10 чемпионатов мира, 11 чемпионатов Азии и 3 чемпионата Европы. Также работают такие проекты, как «Казахстан барысы» и «Евразия барысы». Но для того, чтобы показать эту борьбу своей национальной борьбой, нужно сначала восстановить ее историю. Только тогда будет доказано, что эта борьба является выдающимся казахским спортом.
**Ключевые слова:** Казах куреси, чемпионат мира, чемпионат Азии, «Қазақстан барысы» и др.

## KAZAKH WRESTLING: PAST, TODAY AND FUTURE

**Mukhitov K.**

Candidate of historical Sciences, associate Professor of Atyrau University of oil and gas. Safi Utebayeva.
E-mail: ocean_5@mail.ru

**Abstract**. *Introduction.* Since gaining sovereignty, one of the national values that was acquired was Kazakh kures. About 60 countries of the world are engaged in this sport. In 2004, the world Federation of Kazakh kuresi was established. Today, the Kazakh kuresi Federation is officially registered in 48 countries. During this time, 10 world Championships, 11 Asian Championships and 3 European Championships were held. There are also projects such as "Kazakhstan barysy" and "Eurasia barysy". But in order to show this struggle as a national struggle, we must first restore its history. Only then will it be proved that this wrestling is an outstanding Kazakh sport.
**Keywords:** Kazak kures, world championship, Asian championship "Kazakhstan barysy", etc.

**Кіріспе**

Бұл мақалада қазақ күресінің қалыптасу тарихы мен оның дамуы туралы айтылады. Қазақ күресі біздің жерімізде мекендеген халықтардың өнері ретінде ғасырлар бойы сұрыпталып бізге жеткен болатын. Бұл өнер өзінің мазмұны жағынан ұлттық сипаты жағынан қазақ халқына қатысы бар көптеген халықтардың мәдинетімен араласқан өнер болып табылады. Сонымен қатар қазақ күресі соғыс кезінде қолданылатын жауынгерлік жекпе-жек өнерден бастап ойын-сауық қойылымға, кейін жеке спорт болып қалыптасқанға дейін ұзақ жол жүріп өтті. Кеңес үкіметі орнаған кезде қазақ күресі өз алдына ұлттық спорт болып қалыптасты. Енді міне, соңғы ширек ғасыр ішінде ұлттық тәуелсіздіктен жаңадан тыныс алып әлемдік спорт түрі ретінде дамып келеді. Өзінің ерекшелігі жағынан классикалық күреске ұқсас болып келетін бұл күрестің болашағы зор деп ойлаймыз. Олай болмаса қазақша күрестен бастау алған Қажымұқан сияқты, Шәміл Серіков пен Жақсылық Үшкемпіров және Дәулет Тұрлыханов сияқты көптеген балуандарымыз әлемді мойындатты емес пе? Қазақ күресімен көптеген шетел азаматтары айналысып жатыр. Бірқатар халықаралық жарыстар сол шетелдерде өтуде. Ендеше қазақ халқының төл өнерін дүниежүзі халықтары қабылдай бастады деген сөз. Қазақ күресінің даму тарихын жазу арқылы біз де ұлттық спорттың дамуына ғана өз үлесімізді қосып қоймаймыз, болашақ ұлт мүддесі мен ұлттық намыс, ұлттық болмыс үшін күресе алатын жастады тәрбиелей аламыз деп ойлаймын.

**Талқылау**

Қазақ күресі елімізде қарқынды дамып келеді. Дегенмен, әліде көңіл бөлетін тұстар жетерлік. Ең бастысы мемлекеттік қолдауға ие болды. «Қазақстан барысы» жобасы бойынша жеңімпаздарға көптеген сыйақы беріледі. Осының нәтижесінде көптеген жастарымыз осы спортқа тартылып келеді. Бұл қуанарлық жай. Бірақ барлық елді-мекенде ашылған жоқ. Оның үстіне әлі де болса толық жабдықталған спорт орындары болмай отыр. Жаттықтырушылардың саны да жеткіліксіз. Оқу-әдістемелік нұсқау беріп білімін жетілдіретін курстар жиі ұйымдастырылса нұр үстіне нұр болар еді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл»-демекші, көппен бітетін іс қой бұл. Қазақ күресінің маңызын санамызбен түсінсек ісіміз де соған сай болады ғой деп ойлаймыз.

**Нәтижесі**

Қазақ күресінің даму тарихы бұл өнердің иесі қазақтар екендігін дәлелдейді. Ал жан-жақты қолдау көрсету бұл өнердің болашағы барын көрсетеді. Егерде болашақта қазақ күресі олимпиада ойындары қатарына енсе халқымыздың абыройы асқақтар еді.

Күрес өнері-адамзат қоғамының алғашқы кезеңінен бастап онымен бірге дамып келе жатырған өнер болатын. Ғасырлар бойы орын алған түрлі тарихи үрдістерде сұрыпталып, адамның дене қуатын шыныќтыратын тәрбие мектебіне айналды. Белгілі америкалық ғалым Сэмуэл Крамер жер шарындағы алғашқы күрес түркілерге жақын болған шумерлерден шыққан дейді. Ежелгі заманда өмір сүрген барлық мемлекеттер жекпе-жек өнерін дамытады. Соның

ішінде күрес өнеріне ерекше мән беріліпті. Мысалға, біздің жыл санауымыздан үш мың жыл бұрын салынған Бени-Гассан жеріндегі перғауын табытындағы суреттер Мысыр жауынгерлерінің күрес өнерін меңгергендігін білдіреді [1].



Қазақстан жерінде мекендеген халықтарда ежелден бері күрес өнері болғандығын дәлелдейтін деректер көп. Солардың бірі Орталық Қазақстан мен Қаратау қаласының маңында және Жетісу өңірінде табылған тасқа басылған суреттер [1, 29-37-бб.].



Археолог С. Потаповтың келтіріп отырған бұл суреті б.з.д. 2 мың жылдықта салынған екен. бір тасқа салынған сурет б.з.д. XVI-XIV ғғ. еншісіне жатады. Қола дәуірде салынған бұл суреттер қарумен сайысып жатқан және жұдырықтасып жатқан сонымен қатар күресіп жатқан адамдарды бейнелейді.

Археолог Зейнолла Самашев өзінің еңбегінде күресіп жатқан екі адамның бейнесі бар төрт бұрышты пластинканы келтіреді [1, 22-б.].



Бұл суретте төрт бұрышты пластинкада күресіп жатқан екі адам бейнеленген. Жауынгердің белдігінде қадалатын бұл жәдігер б.з.б. IV-I ғғ. қазіргі Қытайдың солтүстік-батысынан табылған екен. Бұл кезде осы жерде ежелгі сақтар өмір сүргенін білеміз.

Ежелгі грек жазушысы Клавдий Элиан (б.з. II-III ғғ.): «Орта Азия мен Қазақстанда қоныстанған сақтарда күрес өнері кеңінен етек алғанын жазған екен. «Сақ жігіті өзі ұнатқан қызға үйленгісі келсе, сол қызбен күресуге міндетті болған. Егер бұл белдесуде қыз жеңіске жетсе, онда жігіт сол қыздың қол астында қалып, бағынышын өтейді. Ал егер жеңсе оған үйленеді екен. Бұл кезде мықты жігіттердің ғана мерейі өсіп, билік жүргізген болатын», - деп жазады ежелгі грек авторы [2]. «Жас қызбен күреспе, жас биемен жарыспа!», - деген нақыл сөз сол заманнан қалған екен дейді түркі ғалымы Махмуд Қашқари [3]. Үйленгісі келген жігіт пен қалыңдығының арасында сайыс болатындығын белгілі этнограф Әлкей Марғұлан да жазып кеткен екен [4].

Осыдан 18 ғасыр бұрын 371-381 жылдар арасында ғұндар патшасы Баламбер (Атилланың алдында патша болған) өзінің жеңістерден кейін немесе мемлекеттік маңызы бар шешімдер шығарған кезде үлкен той-жиын өткізіп, ат жарыс пен балуандар күресін, садақ ату, мен найза лақтыру және аударыспақ пен теңге алу сияқты ойын түрлерін өткізген көрнеді. Сол кездегі

ғұндар тілімен осы ойын түрлерін: Ээр-хүреш, Ат-хуреш, Ланса-хуреш, Шабарман-хүреш, Жебе-хүреш, т.б. деп атаған екен. «Ээр» – «Ер» деген немесе «Балуан» деген, «Хүреш» – күрес деген мағынаны білдіреді [5].

Б.з.д. 708 жылы күрес өнері олимпиадалық ойындардың қатарына енеді. (6). Платон деген философ б.з.д. IV ғасырда осы күрестен олимпиаданың жеңімпазы болған екен [1, 17-20-б.б.]. Біздің заманымыздың бірінші ғасырында өмір сүрген римдік ғалым Плиний: «Яксарттың (Сырдарияның көне аты) арғы бетінде скиф тайпалары тұрады. Парсылар жалпы оларды сақтар деп атайды. Скиф халқының саны қисапсыз көп. Олардың ішіндегі ел-жұртқа әйгілі болғандары сақтар, массагеттер, дайлар, исседондар, аримассылар өз арасында қолмен белдесіп, күшін көрсетіп сынасады»-деп жазған екен [7].

Орта Азия мен Қазақстан территориясы б.э.д. 6 ғ. бастап парсы мемлекеттерінің қол астында болды. Ахеменидтер мемлекеті, Селевкидтер мемлекеті, Қошан патшалығы, Сасанидтер мен Саффаридтер империясы, Саманидтер династиясы билеген кезде сақтардың мәдениетіне парсылардың мәдениеті араласа бастайды. Ал парсылар болса грек мәдениетімен ұштасып жатырған болатын. Осылайша сақтарға еуропа мәдениеті де келіп жетті. Бұл шығыс халықтары арасында күрес өнерінің дамуына жаңа серпіліс берді. Сөйтіп, көшпелі халықтың жекпе-жек өнері енді жұртшылықты қызықтыратын ойын-сауық өнеріне айнала бастады. Б.э.д. IV ғ. Александр Македонский Орталық Азияны жаулап алған кезде жекпе-жек сайыстарынан жиі жарыс ұйымдастырып отырған екен. Сөйтіп, Орта ғасырда мекендеген Сақтардың, Массагеттердің, Қаңлылардың және Үйсіндердің мәдениеті бұл өнерді аса мән беріп оны одан сайын дамытады. Түркі қағанатының қалаларының бірі-Тараз қаласында жыл сайын жәрмеңке ұйымдастырылып отыратын. Онда күрестен түрлі жарыстар өткізілген екен. Кейін мұндай жарыстар басқа да уақыттарда өткізілетін болды.

Б.з. VII ғ. Оңтүстік Қазақстан қалаларына араб мәдениеті келеді. Енді күрес өнері ислам дінінің талаптарына сай дамиды. Сөйтіп, адамның дене мүшесіне зиян тигізбейтін күрес өнері ретінде дамиды [3, 315-316-бб.]. Батыстың саяхатшылары өздерінің естеліктерінде қазақ жерінде күрес өнеріне аса мән беретінін жазып кеткен екен. Солардың бірі Кіндік Азия елдерін шарлап, жиһангерлігімен аты шыққан итальян саяхатшысы Марко Поло болатын. Ол сақтарда күрес өнерінің кеңінен дамып, әскери-қолданбалы жаттығудың бір түрі ретінде қолданылатынын және жігіттермен бірге қыздардың да күреске шығатынын жазған екен [1, 29-37-б.б.).

Макагия деген тарихшы мынадай бір қызықты дерек келтіреді. Менгу-хан мен Құлағу-ханның балуандары бір жиында күресетін болыпты. Күрес барысында Құлағу-ханның балуаны жеңіске жеткен екен. Осы жеңісі үшін жеңімпазға Құлағу-хан балуанға тоғыз кінәсі кешіретін құжат беріпті дейді. Мұндай марапатқа кейін тархандар ғана ие болатын болды.Кастилияның королі Кастилий Генрих III-тің жіберген Рей Гонзалес Клавдихо деген саяхатшысы өте-мөте құнды деректер келтіріпті. Ол даңқты қолбасшысы Темірдің сарайында ең күшті балуандардың белдескенін көріп тамашалайды. Балуандар бірін-бір белбеуден ұстап күрескен екен. Бұл 1403-1406 жылдар аралығы екенін ескерсек, белбеуден ұстап күресудің ережесі әлдеқайда ертеден бастау алғанына көз жеткіуге болады [8].

Кейде күрес өнері саяси мәселелерді де шешкен екен. Оған мысал ретінде атақты тарихшы Әбілқазы Бахадүрханның жазғанын келтірейік. «Чурас деген бектің бірі: «Осында бір күшті бар. Сол онымен күресіп көрсін. Егер ол оны жеңсе, мен мұсылман боламын дейді. Осы сайыста мұсылман балуаны жеңіске жетеді. Мұны көрген Чурас мұсылман дінін қабылдаған екен. «Сөйтіп, осы күні 160 мың адам ислам дінін қабылдапты. Содан бері Шағатай ұлысында ислам мемлекеттік дін болып жария етіліпті» - деп жазады зерттеуші ғалым Елемес Әлімханов [15].

Ру, тайпа өкілдерінің даңқты балуандарын бүкіл қазақ білген. Олардың құрметіне күрестен сайыс өткізіліп отырған екен. Қазақтың ұлттық спорты - күрес ешқашан тіршіліктен тыс қалмай,

онымен бірге жасап келеді. Академик Әлкей Марғұлан «Бапуан» деген сөз, көне түркінің «балбал» сөзінен шыққандығын, Орхон-Енисей жазуындағы «балбал» сөзі «кемпір тас», қазіргі уақыттағы «балуан», яғни күшті, мықты, алып ұғымын беретіндігін айтады.

XX ғасырдын бас кезіне дейін балуандар салмақ дәрежесіне, жас ерекшеліктеріне қарай күресе берген екен. Ол кезде «Итжығыс» сияқты ережелер болыпты. «Итжығыс» - екі балуанның күресуі кезінде кездесетін жағдай. Балуандардың екеуі де бір мезгілде жерге құлаған жагдайда «Итжығыс» деп атап, оларды әрмен қарай күрестіре берген екен [1, 142-б.].

Иранның ғұламасы Фирдоусидің «Шахнамесінде» Иран батырлары мен Тұран батырларының арасындағы жекпе-жек күресі жазылады. Сонымен қоса қазақтың эпостық жырларында да батырлар мен балуандар күресі жөнінде деректер көп кездеседі. «Манас» жырында Күшей ханның алты жасынан бастап ересек адамдармен күрескені жөнінде айтылады. Ал «Алпамыс» батыр жырында жас батырдың күресін былай суреттейді: «Екеуі де сүзетін қошқардай көз аларта шегінісіп алды да, бір-біріне тап берді. Алпамыс бұл жолы балуанмен балуанша ұстасайын, қапыда қалдым демесін, қару жұмсамай-ақ қояйын деп ойлады. Сол ниетпен бетпе-бет келіп қалғанда, шап етіп жағадан ұстап, буындыра жөнелді. Нарттай болып қызарып, «ісіп-кеуіп кеткен» қалмақ балуаны бауыздалған бұқадай қырылдап ат үстінде жан берді» [10].

Кейінгі жылдары жазылған тарихи жазбалар мен көркем әдебиеттерде балуандық өнер туралы дерек көп. Жүсіпбек Аймауытов өзінің «Қартқожа» романында Дәрменнің Нығманмен күресі туралы айта келе: «Бір қолымен ішкі белбеуден алып көтерді. Көтерді де сілтеді. Теріс айналдырып жіберді, қырқадан шалып, доптай түсірді» дейді [11].

Сонымен қатар Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы мен Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» романында балуандардың сайысын көруге болады [12]. Қазақтың күрес өнері еліміздің кейбір жерлерінде әртүрлі атаумен аталды. Мысалы, еліміздің шығыс және орталық өңірлерінде «Арысқа түсу» дейтін атпен кең дамыған екен. Бұл жайлы жазушы Мұхтар Әуезов өз шығарамаларында көркем баяндайды. Арысқа түсу дегенміз — екі қауым, екі ел немесе екі ру өздерінің балуандарын алып келеді. Көрермендерге әсерлі болуы үшін, оны шынжырлап, ноқталап әрі көз-сұқ тимесін деген ниетпен жабулап ұстайды. Балуанды күрес алаңына, яғни арысқа әкеле жатқан мезетте шынжырлы балуан жақтасарын шынжырымен қоса сүйреп, қарсыласын жеп қоярдай өкіреді. Бұл нақтырақ айтқанда психологиялық шабуыл әрі театрланған көңіл көтеру. Осылай екі балуан арысқа түсіп қай жеңгені жүлдені алады, я болмаса, «Менімен күш сынасатын тағы кім бар?» -деп көпшілікке қолқа салады [5, 3-б.].

XIX ғасырдың басында әскери дайындықтың қажеттілігі азаяды. Сол кезде күрес ойын-сауық кезінде көрсетілетін қойылымға айналады. Сонымен қоса жәрменкелер кезінде күрестен жарыстар ұйымдастырылып тұрды. Осындай сайыстардың бірінде Мұқан Мұңайтпасов (атақты Қажымұқан) деген жергілікті балуан қарсыластарының бәрін жеңіп, орыс палуандарының көзіне түседі. Сөйтіп, «Ваня ағайдың» мектебіне жолдама алғанын білеміз. 1904 жылы И. Лебедев мектебінде шыңдалған Қажымұқан Мұңайтпасов француз күресінің кәсіби маманына айналған еді [7,151-б.]. Ресей мен Европада өткізілген бірнеше біріншіліктерде жеңіске жеткен және АҚШ-та өткен еркін күрестен біріншілікті ұтқан Қажымұқанға 1927 жылы Қазақ АКСР «Қазақ халқының батыры» деген құрметті атақ береді [13].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Шығыс Түркістан аймағында көптеген қазақ палуандары өздерінің жеңістерімен таң қалдырған болатын. Солардың бірі Алтай мен Ақсай өңірінде өмір сүрген Қайысбай палуан. Ол 1890 жылы туып, 1960 жылы өмірден өткен екен. Баяхмет Жұмабайұлының «Қытайдағы қазақ балуандары» деген еңбегінде 19 жасар Қайысбай палуан ұйғырдың палуаны Насыр мен ойраттың атақты күш иесі Донғараны жеңгені жазылады. Теңдессіз күштің иесі Қайысбай балуан – әлемге аты мәлім таэквондошы Мұстафа Өзтүріктің туған нағашы атасы. Мұстафаның анасы- Разия Қайысбайқызы Шығыс Түркістан аймағында 1916

жылы дүниеге келіп, 1940 жылы ел үріккен шақта Гималай арқылы Кашмир өлкесінен асып, Түркияға жеткен. Осымен қоса ХХ ғасырда Алтай-Қобда ауданында өмір сүрген атақты балуан Серік Қожабайұлын, Алтай аймағы Қыран өзенінің бойында өмір сүрген Солтыкен Көкішұлын айтуға болады.

1928 жылға дейін қазақ күресіне арналған бірыңғай ереже болмады. Сондықтан күреске шыққан балуандардың жас ерекшеліктері де салмақ дәрежелері де ескерілмеді. Әр аймақта күрестің өзіндік ережелері болды. Күрес киімі де сол өңірдің дәстүріне сай тігілді. Қандай ережемен белдесетіндерін өзара келісімі бойынша шешіп отырған. Балуандар алдын-ала өзара ауызша келісіп алып күресе отырған. Сол заманда ең мықтыны «Түйе балуан», «Өгіз балуан» деп атаған екен.

Қазақ күресі кеңес дәуірінде спорт түрі ретінде дами бастайды. Сөйтіп, 1938 жылы Алматыда өткізілген колхозшылардың республикалық спартакиадасының бағдарламасына енгізіледі. Қазақ күресінен сайысқа түсушілердің қарасы көп болғандықтан, оларды үш топқа бөледі. Жеңіл салмақтағылар - 65 келіге дейін, орта салмақтағылар - 76 келіге дейін, аса ауыр салмақтағылар - 76 келіден жоғары болып белдескен екен. Бұл Спартакиадада Семей облысының балуандары: С. Адасқанов, К. Алтыбасаров және И. Түменов республика жеңімпаздары болып атанды.

Бұл спартакиада ел мықтыларының есімін көпке танытумен қоса ұлттық күрес өнерінің өрісін кеңейтуге жол ашты. Кезекті екінші спартакиада 1939 жылы Семей қаласында жалғасты. Бұл жолы жеңіл салмақта - Құрманбаев (Алматы облысы), орта салмақта - Досқалиев (Батыс Қазақстан облысы), ауыр салмақта - Мусин (Павлодар облысы) қарсыластарын түгелдей жеңіп, жеңімпаз болды. Дәл осы жарыста «түйе палуан» атағы үшін арнайы белдесу өткізіліп, Батыс Қазақстан облысының өкілі Еңсеп Досқалиев жеңіске жетті.



Еңсеп Досқалиев. 1940 жыл

1940 жылы Қазақстан Республикасының 20 жылдық мерекесі құрметіне арналған біріншілікке қатысушылары бес салмақ дәрежесі бойынша күресті. Бұл біріншілікте жеңіл салмақта - Байдәулетов, жартылай жеңіл салмақта - Құрманбаев, орта салмақта - Төлегенов, жартылай орта салмақта - Мақманов, ал ауыр салмақта - Жұмабаев бас жүлдеге ие болды.

1941 жылы ақпан айында Бішкек қаласында Орта Азия және Қазақстан халықтарының чемпионатын өткізу туралы шешім қабылдайды. Бұл біріншілікке еліміздің атынан 10 балуан қатысып, Еңсеп Досқалиев бастаған біздің азаматтар командалық есепте бас жүлдеге ие болды.

1945 жылы күзде Семей қаласында Абайдың 100 жылдық торқалы тойы аталып өтеді. Соғысқа дейін аты шыққан балуандарымыздың барлығы дерлік майданда қаза болып немесе мүгедек болып оралған екен. Сол себептен бұл тойға бір де бір атақты балуан қатыспапты. Тойдың мерейін көтеру үшін атақты Қажымұқан атамыздың өзі келген көрінеді. Күрестің ақтық сайысына Дәулен Әбікенов пен Әшкен шығады. Сол сайысты көзімен көрген халық ақыны Төлеу Көбдіковтың:

Балуандар жағаласып жармасқанда,<br>
Алысып айдаһардай арбасқанда,<br>
Балуаны, Ақсуаттың лақтырып,<br>
Шығарды бұрқ еткізіп шаңды аспанға...- дейтін ұзақ жыры бар [5, 4-б.].

1952 жылы Түркіменстанның астанасы Ашхабадта Орта Азия мен Қазақстан Республикасы спортшылары арасында өтетін спартакиада ойындарының бағдарламасы жасалады. Оған ұлттық күрес те енгізілді. Бұл жерде бес елдің білікті мамандары өзара ақылдаса отырып, ұлттық күрестің негізгі ережесі етіп, қазақ күресі тәсілдерін алуға келісті. Өйткені, қазақ күресінің ережелері классикалық күрестердің ережелеріне жақын болатын. Осы спартакиадада қазақстандықтар жеңіспен оралды. Жеңіл салмақта семейлік К. Бибатыров, орта және жартылай ауыр салмақтарда қарағандылықтар Күлен Бәкіжанов пен Әлімшайх Селімбаев жеңімпаз болды.

